

"ИНАБАТ"

Кыздар ұйымы

2024-2025 оқу жылы

«Инабат» қыздар

ұйымының

Мақсаты:

Ізетті, инабатты, адамгершіліктің асыл қасиеттерін терең түсіне білдіретін, қазақ қыздарына тән қасиеттерді, ары таза, сымбатты да сұлу, сыпайы, биязы, өнерлі, болашағы жарқын қыздарды тәрбиелеу.

Міндеттері:

- Мектеп бойынша қыз балалардың оқу үлгерімі, сабакқа дайындығын, тәртібін қадағалап отыру.*
- Жеке бас тазалығына, гигиенасына аса мән беру, жүргіс тұрысына, ортада өзін өзі ұстаудың бағыт бағдар беру.*
- Қыз баланың ауыспалы кезеңде мінез құлқына, психологиялық жағдайына бақылау жасап кеңес беру*
- Улкенге құрмет, кішіге ізет білдіретін қазақ қызына тән сыпайылық, инабаттылық, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру*

Бекітемін: *Г.К. Абашева*
Мектеп директорының у.м.а.: Абашева Г.К.



2024-2025 оқу жылына арналған қыздар ұйымының жылдық жоспары.

МАҚСАТЫ: ізетті, инабатты, адамгершіліктің асыл қасиеттерін терең түсіне біletін, қазақ қыздарына тән қасиеттерді, ары таза, сымбатты да сұлу, сырпайы, биязы, өнерлі, болашагы жарқын қыздар тәрбиелеу.

№	Жұмыстың мазмұны	Өтілү түрі	Өтетін мерзімі	Өтілуіне жауапты
1	Қыздар ұйымының жылдық жұмыс жоспарын жасау, бекітуге ұсыну	Жоспар	Қыркүйек	Тәлімгер
2	«Қыздарға кенес»	Жадынама тарату	Қыркүйек	Тәлімгер Психолог
3	«Қыздарға әсемдік жарасады»	Дәңгелек үстел	Қазан	Тәлімгер
4	«Ерте жүктілік және оның жасөспірім қызы балалардың денсаулыққа зияны»	пікірлесу	Қараша	Психолог Тәлімгер
5	«Қыздарға нәзіктік жарасады»	Дәңгелек үстел	Желтоқсан	Тәлімгер
6	«Қызы инабаттылығымен әдемі, әдептілігімен сәнді»	тренинг	Қантар	Тәлімгер Класс жетекші
7	«Қызы тәрбиесі-ұлт тәрбиесі» Танымдық сабак	пікірлесу	Ақпан	Тәлімгер Класс жетекші
8	«Жылы жүрек- жақсы тілек»	Тренингтер	Наурыз	Тәлімгер Психолог
9	«Қыздармен көнілді көніл күй»\	флешмоб	Сәуір	Тәлімгер
10	«Артық болмас білгенің...» Қағазбен, матамен жұмыс	Іскерлік Сабагы	Мамыр	Тәлімгер Көркем еңбек пәннің мұғалімі
11	Өткізілген іс шараларды әлеуметтік желіге жариялау		үнемі	Тәлімгер
12	Қыздар ұйымының жылдық жұмыс жоспарының орындалуы туралы есеп беру	Хабарлама	Мамыр	Тәлімгер

Хаттама №1

2024 жылдың 16 қыркүйек айында Шеңгелши негізгі орта мектебінде қыздар жиналышы болып етті.

Қатысушылар: 9

Қатысуға тиіс: 10

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1.Жылдық жоспар күру, тағайындау.

2.Қыз болашақ ана

3.Ерте жүктіліктің ертеңі

Тындалды:

Ағымдағы мәселелер бойынша Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары таныстырып етті. 2024-2025 окуйында қыздар үйшімінен тәрайымын сайлау керектігі жөнінде айтып, оған мектептен лайықты оқушыны таңдау керектігін айттып етті. Жылдық жоспар таныстырылып, жыл ағымында өткізілетін іс шаралармен таныстырылды. Қыз балалардың тәртібі жайлы кеңінен айтылды.

Ағымдағы жұмыстар: Тәрбие ісі жөніндегі орынбасар «Қыз болашақ ана» тақырыбындағы слайд баяндамамен таныстыруды. ТІЖО өз баяндамасында өнегілі тәрбиелі қыз бала қандай болу керектігі және қыз өмірдің қызғалдағы, қыздар болашақ ана, бақыт байлық ошағы, адамзаттың өсіп-өркендеп, тәлім тәрбие алатын қасиетті ұясы екендігін түсіндірді. Қыздар тәрбиесі арналған кеңестер берілді. Оқушы қыздардың тәртібі, кемелет жасына толмаған оқушылар арасындағы құқыбызышылтықтар туралы ескертіп, мысалдар келтіріп түсіндіріп етті. Баяндамаға қосымша қыдарға тәлімгер мұғалімдер қыз болашақта ана болатыны және осы жас кезден бастап әр бір қыз бала өз абыройын ойлау керектігі туралы мысалдар келтіріп айттып түсіндіріп етті.

мәселе бойынша «Ерте жүктіліктің ертеңі» тақырыбында психолог оқушы қыздар арасында ерте жүкті болу, қыз бала болашағына, денсаулығына зиян екендігін, ерте жүктілікте құқықбұшылтыққа жататыны туралы айтып слайд көрсетіп кең түрде түсінік береді. Қазіргі қоғамдағы қыздар арасындағы жат қылықтар туралы және оқушы қыздар арасында 13-18 жас аралығында ерте жүктілік көп кездесіп жатқандығын, кешкі жақын көшеде сағат 20-00 дан кейін шықпау, және туылған күндерді өткізу, қыз бала туысқандар болсада үйіне қонбау керектігі ескертіліп айтылды.

ТІЖО «Қазақстан бірлікпен татулықтың мекені» тақырыбында баяндама оқып бүл баяндаманың мақсаты мен таныстырып етті. Қазақстанда 130 дан аса ұлт өкілдері тұратыны және ұлттар арасында достық қарыма қатанаста болу керектігі қатаң түрде ескертіліп айтылды. Біз Қазақстан елінің азаматары, өз Отанымызды, жерімізді сүйетінімізді өз әрекеттеріміз арқылы көрсете білу керекпіз. Әр бір Қазақстан азаматы қандай ұлт өкілі болсын Қазақстан рәміздерін күрметтеуге, жерін суюге, әр бір адамды қадірлеуге міндетті екендігі туралы түсінік беріп етті.

Хаттама №2

2024жылдың 14 қазан айында Шенгелши негізгі орта мектебінде қыздар жиналысы өтті.

Катысушылар: 7

Катысуга тиіс: 10

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

1. «Қыз баланың ерте жастағы жүктілігінің қауіптары мен салдары» баяндама медбике
2. Баяндама таныстырылым «Қыз тәрбиесі қоғам тәрбиесі»
3. Қыздарға арналған кеңес

Ағымдағы жұмыстар:

- 1.Көп сабак тастайтын, сабакқа кешігіп келетін окушылар және мектеп формасы, тазалық туралы

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша медбике «Қыз балалының ерте жастағы жүктілігінің қауіптары мен салдары » тақырыбында баяндама слайд пен таныстыруды. Қыздардың гигиеналық тазалығы, ерте жүктіліктең ертеңі және қыз бала өміріне кері әсері туралы түсіндіріл өтті. Қосымша ТІЖО ерте жүктіліктең қауіптары мен салдары туралы бейнеролік көрсетіп, слайд пен таныстырып өтті.

2 мәселе бойынша тәрбие ісі жөніндегі орынбасар «Қыз тәрбиесі қоғам тәрбиесі» туралы қоғамда қыз тәрбиесіне өте көңіл бөлінетіні туралы өз баяндамасында кең түрде таныстырып өтті. Әрбір баланың өмір жолы, тәрбиесі отбасынан одан соң мектеп қабырғасынан бастауалатыны, қыз бала үйден шыққанда тап-таза күніп, шашынтарап, әсем күлкісімен айналаға нұрын шашып жүру мен қатар сабағында жақсы оқу керектігін айтты. Окушы қыз бала мектеп ережелерін сақтап, мектеп формасын, шаштарын дұрыс тарап, әріп бантікпен келу керектігі ескертілді. Қыз тәрбиесі және қыздар арасында кездесін қателіктер туралы бейнemатериал көрсетілді.

2 мәселе бойынша қыздарға арналған кеңестер айтып, сауалнама жүргізді. Окушы қыздардың пікірлері тыңдалды, атап айтқанда сынып окушысы өз ой пікірлері мен бөлісті.

Баяндамаға қосымша қыздар арасындағы келіспеушіліктерді шешу жолдары туралы және сынып жетекшісі қыз тәрбиесі, қыздарға лайықты қылыштар туралы өз ойнайтып бөлісті.

Ағымдағы жұмыстар бойынша

Окушы қыздардың мектеп формасы, тазалығы, мектепке кешігіп келу туралы ТІЖО айтып кейбір қыздарға ескерту беріп өтті.

ШЕШІМ.

1. Медбике баяндамасы негізге алынсын.
2. ТІЖО қыз тәрбиесі қоғам тәрбиесі баяндамасы және көрсетілген бейнебаяны негізге алынсын
3. Психолог кеңестері негізге алынсын, әр кезде қандай жағдай да болсын окушы қыздар психологпен және тәрбие ісі жөніндегі орынбасар, сынып жетекшілерімен байланыста болсын.
4. Күнделікті мектеп формасымен келуін қадағалау сынып жетекшісіне жүктелсін.

Хатшы: Кайдаш Інкәр Қайдаш Інкәр

**Шеңгелши негізгі орта мектебінің
2024-2025 оку жылына арналған «Инабат» қыздар ұйымының жылдық
бойынша жүргізілген**

ЕСЕБІ

МАҚСАТЫ: ізетті, инабатты, адамгершіліктің асыл қасиеттерін терең түсіне білестін, қазақ қыздарына тән қасиеттерді, ары таза, сымбатты да сұлу, сыпайы, биязы, өнерлі, болашағы жарқын қыздар тәрбиелеу.

«Инабат» қыздар ұйымының жоспарына сәйкес қыркүйек айында қыздар клубы жиналышы өткізілді. Жиналышта мындан түрлі мәселелер қарастырылды.

1. Жылдық жоспар құру, тағайындау
Жасөспірім шақтағы ерте жүктіліктің алдын алу
2. Қыз болашақ ана
3. Ерте жүктіліктің ертеңі.

Жиналышқа 5-9 класс оқушыларының қыз балалары қатысты. Мектеп тәлімгері жоспармен таныстырып, мәселелерге тоқталып өтті. Қыз балаларға жыл сайын айтылатын талаптар мен ережелер, қыз баласына тән емес қылыштарды жоюға дағдыландыру. Мектеп формасын сақтауға, өзін ортада қалай ұсташа керек екені туралы айтылды. Қыз баласы, өз елінің абыройы, баға жетпес байлығы екенін де түрлі мысалдар арқылы түсіндірме жұмысы жүргізілді. Екінші мәселе бойынша, қыз бала болашақ ана болатыны, қазірден бастап гигиеналық тазалықты сақтауға, өз-өзін құрметтеуге дағдыландыру. Үшінші мәселе бойынша, ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында түрлі жағдаяттар көрсетіліп, айтылды. Басты мақсат - қыз балаларға тұра жолда жүзу екені туралы нақты ескеrtlіді.

Қыркүйек айында «Қыздарға кеңес» атты жадынама таратылды. Жадынамада қыздарға берілген түрлі кеңестер жазылған болатын. Әрдайым есте сақтау керек екені айтылды.

Қазан айында «Қыздарға әсемдік жарасады» атты дәңгелек үстел ұйымдастырылды. Мақсаты: қыз балалардың бойына қыз бейнесіне тән мінез – құлық сипатын қалыптастыру. Оқушыларды бір – бірімен, айналадағы ортамен үйлесімді қарым – қатынас жасауға дағдыландыру, мәдени сөйлеу біліктілігін дамытуға, өзара жағымды қарым – қатынасын арттыру, оларды адамгершілікке, шындыққа, достыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

Дәңгелек үстел 7-9 класс оқушыларының қыз балалары арасынды ұйымдастырылды. Тақырып бойынша қыз балалар өз ойларын ортаға салды. Әсемдік барлық қыз баласында бар, тек оны көру керек. Басқалармен өзінді салыстырмай, өзінді бағалай керек екені туралы түсіндірме жұмысы жүргізілді. Қыз балалар ортаға салып, пікірталас жүргізілді.

Мектебімізде қараша айында «Инабат» қыздар ұйымының жоспарына сәйкес «Ерте жүктілік және оның жасөспірім қыз балалардың денсаулыққа зияны» атты пікілесу жұмысы жүргізілді. Мақсаты: ерте жүктіліктің алдын алу. Қыз балалардың денсаулығына зияны, кері әсері туралы ақпарат беру.

Пікірлесу барысында қыз балаларға түрлі сұрақтар мен жағдаяттар берілді. Осылан орай әр қыз бала өз ойларымен бөлісіп, ортада талқыланды. Кімде қандай мәселе немесе сұрақтары бар, сол бойынша жауаптарын алған болатын. Ерте жүктіліктің тек қана зиян жақтары, адам өміріне қандай қауіп төнідертіні туралы айтылды. «Қыз баланы қырық үйден тыю» - деген нақыл сөзге тереңірек қарау екені түсінідірліді.

Желтоқсан айында «Қыздарға нәзіктік жарасады» атты дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Мақсаты: қыз балаларға нәзіктік қыз балаға ғана тән, жарасымды қасиеттердің бірі екенін түсіндіру.

Дөңгелек үстелге 7-9 класс қыз балалары қатысты. Нәзіктік деген сөз тек қыз балаға тән екені айтылды. Жаратылысы бойынша қыз балалар өте нәзік жанды болып келеді. Соған қарамастан көп нәрсеге төзімді, шыдамды жандар туралы айтылды. Қыз балалар осы орайда олан әрі өздері жетілдіріп, пікірталас орнатты. Арапарында жүрген қыз балаларға сипаттама беріп, барлығы да өздерінің нәзік жанды екенін түсінгендей болды. Түрлі сұрақтар қойып, дөңгелек үстел көнілді, әрі қызықты өтті. Қыз балалар нәзіктік сөзінің мағынасын тереңінен түсінгендей болды.

Қаңтар айында қыздар ұйымының жоспарына сәйкес «Қыз инабаттылығымен әдемі, әдептілігімен сәнді» тақырыбында қыздар арасында тренинг ұйымдастырылды. Мақсаты: қыздар арасына бір-біріне деген ауызбіршіліктерін, қарым-қатынастарын нығайту. Тренинг барысында оқушыларға түрлі сұрақтар қойылды. Өздерінің түсініктері бойынша әр қыз бала жауап бере алды. Қыз баланың бойында болу керек әдемілікпен қатар әдептілік те болуы керек екені айтылды. Инабаттылық, әдемілік және әдептілік қатар жүретін болса, нұр үстіне нұр болады. Бастысы әдептілікten таймай, тұра жүре білу. Осынай көптеген ашық пікірталастар айтылды.

Ақпан айында «Қыз тәрбиесі-ұлт тәрбиесі» атты танымдық сабак өткізілді. Танымдық сабакта барлық қыз балалары қатысты. Қыздың тәрбиесі ең басты назарда екені айтылды. Ұлттың айнасы – қыз баласы деп бекер айтылмайды. Сондықтан кез-келген ортада, кез-келген жерде қыз баланың тәрбиесі аса айқын көрініп отырады. Өзін-өзі ұстауы, көрсете білуі мәдениеттілікten аспауы қажет.

Наурыз айында қыз «Инабат» қыз балалар ұйымының мүшелері «Жылы жүрек-жақсы тілек» атты челлендж өткізді. Челленджде қыз балалар мектеп ұстаздарына арнап, жылы лебіздерін білдіріп, жақсы тілектер жазылған паракшалар таратып, көнілдерін көтерген болатын. Әр ұстазға өзіне тән ерекше сөздермен әсерлі етіп, ұстаздарға таратылды.

Сәуір айында «Қыздармен көңілді көңіл күй» атты көңілді үзілістер өткізілді. Сабак барысынан кейін 15 минуттық үзілістерде қыздар арасында көңілді үзілістер ұйымдастырылып отырды. Мақсаты: үзілісті көңілді әрі, тиімді өткізу. Қыз балалардың жас ерекшеліктеріне қарай көңілді үзілістер ұйымдастырылды.

Мамыр айында «Артық болмас білгенің...» тақырыбында қағазбен, матамен жұмыс ұйымдастырылды. Көркем еңбек пәнінің мұғалімімен бірлесе отырып, қыз балаларға арнайы матамен, қағазбен түрлі жұмыстар жүргізілді. Қыз балалардың шығармашылығын, ой-өрісін дамыту мақсатында осындай қызықты жұмыстар жүргізілді. Жұмыс барысында қауіпсіздік ережелері тусіндірілді. Мамыр айының қыздармен жиналыс өткізіліп, жыл бойы жүргізілген жұмыстарды талқылап, келесі жылға әлі де қызықты жұмыстар жүргізуге бел буып, жылы лебіздерін білдірді.

Мектеп директоры:

Г.К.Абишева

Қыздар ұйымының жетекшісі:

Ж.А.Турешова

